

Арнайы бұйымдарды импорттау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 25 маусым N 302

"Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстар, қызмет көрсетулер) экспорты мен импортының тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 наурыздағы N 298 Р960298_ қаулысына сәйкес "Машина жасау зауыты" акционерлік қоғамына (Алматы қаласы) 1995 жылғы 25 қыркүйектегі N 74-95 шартқа орай 1996 жылы Украинадан КЯ 4.078.016-01 - 4 жиынтық, КЯ 4.078.017-01 - 4 жиынтық және КЯ 2.300.019 - 20 жиынтық арнайы бұйымдар (СЭҚ ТН коды 9306) әкелуге рұқсат берілсін.

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

Премьер-Министр